



Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті

СӨЖ

Тақырыбы: **НАСЫБАЙ**

*Орындаған: Ермекұлы Б
Ғылыми жетекші: Өскенбай З.М*

2016 жыл

Астана 2013 жыл

Жоспар:

I. Кіріспе бөлім.

1.1. Насыбай туралы түсінік.

II. Негізгі бөлім.

2.1. Насыбайдың құрамы.

2.2. Насыбайдың түрлері.

2.3. Насыбайды қолдану тәсілі.

2.4. Насыбайдың зардаптары.

III. Қорытынды.

IV. Қолданылған әдебиеттер тізімі



□ Бір кездері тек оңтүстік аймақтарда сатылатын, тек ересектер пайдаланатын ***насыбай*** бүгінде еліміздің барлық аймағына жеткен. Жетіп қана қойған жоқ, нас екенін аты айтып тұрса да, ер-азаматтардың жас-кәрісінің құмар басар кәдесіне айналды. Насыбайды сатушылар да, тұтынушылар да оның құрамында не бар екенін, адам денсаулығына қаншалықты зияндылығын білмейді. ***Тіпті білгілері келмейтін де сияқты. Көңілді күпті етері – мектеп оқушыларының насыбайға деген әуестігінің күн санап артуда. Мамандар мектеп жасындағы балалардың жаппай насыбай шегуге бейімделіп бара жатқанын айтып, алаңдаушылық білдіруде.***



Насыбай (сонымен қатар насвай, нас, нац, нос, айс, нацик, джасс, нашава, нас, натс, нац, насыч, нацвай, шпак, носын-бросын, нос, загубэ, айс, жбак, фэтс, black-point, шакша, Витамин Н (аш), Nice way, зелёный, Халк, насик, сусняк, шайтан-горох) - құрамында никотин бар психотропты зат.

- Жалпы алғанда насыбай Шығыс елдерінің батыстың темекілеріне жауап ретінде қарастыруға болады. Насыбайды шылым сияқты тартпайды, бірақ құрамында никотин болғандықтан ол адамға шылым тартқандай әсер береді.




□ Сигара, папиростардың “кіші інісі” ретінде кейін танытқан насыбай еш қиындықсыз қазіргі жасөспірімдердің өміріне оп-оңай кірді. Оның арзан бағасы, қолжетімділігі мектеп оқушыларына қолдануда өзінің “ересек” екендігін және ата-анасы алдында шылым шегіп, репутациясын бұзып алмаудағы “керемет зат” ретінде танылды.



□ Сатушылар бірін «Өзбекстаннан әкелінген әккі насыбай» деп мақтаса, енді бірін «Қырғыз жерінен қыр асып келген» деп дәріптейді. Әрине, сатушының мақсаты — пайда табу. Насыбай санитарлық-эпидемиологиялық зертханадан да тексеруден өткізілмейді екен. Ал оларды тексеріп, қадағалап жатқан базар әкімшілігі де жоқ. Ең сорақысы — насыбайдың мектеп маңында сатылуы. Күнкөріс қамында жүрген апалар мектеп қасында шемішке, сағыз, кәмпит, құртқа қоса, насыбай сатып отырады. Бұл — мектеп оқушыларының насыбайға әуестігін арттырары сөзсіз. Өйткені еліктегіш жасөспірімдердің бірі насыбайға құмартып алса, екіншісі қызығып алуы ықтимал. Насыбай бағасы қымбат та емес. Насыбай атушылардың айтуына қарағанда, бағасы темекіге қарағанда, әлдеқайда арзан және «қоғамдық орында шегуге болмайды» деген тыйым жоқ.



- “**Насыбай**” атауын “нас” атты өсімдігіне байланысты деп есептейді.
- Насыбайдың құрамына *табак (махорка), сілті (өшірілген (гашеная) әк), түйенің немесе тауықтың, т.б. малдың тезегі, күл, дәмін жақсартатын дәмдеуіштер (приправа) және формасын келтіру үшін өсімдік майы* қолданылады.
- Басқа мәліметтер бойынша “насыбай” деп домалақ формалы, желіммен, әкпен, су немесе өсімдік майымен араласқан табак шаңының қоспасы деп саналады. Насыбай кең таралған орта Азия елдерінде табак шаңы мүлдем қолданылмайды, ол басқа да белсенді заттармен ауыстырылуы мүмкін.



□ Өшірілген әк (гашеная известь) қышқыл ортаны сілтілі ортаға ауыстырып, ауызында шыршыты қабат арқылы никотиннің қанға сіңірілуін жоғарлатады. Қоспаның қалған құрамдас бөліктері қалың келтіруші қызметті атқарады.

□ Сатылымға насыбай “домалақтар”, “таяқшалар”, ұнтақ, пластилин тәрізінде түседі. Өнімнің түсі – қою жасыл. Гарнуляцияланған насыбай ұнтақ тәрізді жасалған насыбайға қарағанда шайнау кезінде ауыз қуысында жағылып (размазываться) қалмайды.

□ Насыбайды қолдану никотинді тәуелділікті тудырады. Жиі қолдану сонымен қатар психологиялық тәуелділікті шақырады.



Насыбайдың түрлері:

“Буратино” насыбайы – ағаш жоңқасы (стружка) мен бұрыш жалбызының қосындысы. Ауыз қуысында қарапайым насыбайға қарағанда ауыр, жазылмайтын жараларды тудырады. Термин ретінде алғаш рет 90-жылдары Батыс Донбасс көмір шахталарында пайда болған. Ол кезде шахтерлерге ұзақ уақыт бойы жалақы төленбегендіктен және шылымды сатып алуға қаржының болмауынан, оған эквивалент зат ретінде шығарылған.



Насыбайдың түрлері:

▣ *Қашғар насыбайы* – құрамында кендір (конопля Cannabis Ruderalis) бар кез-келген насыбай. Сонымен қатар бұл терминмен Орта Азиядан әкелінетін насыбайды да атайды.

▣ *Кәріс насыбайы* – КХДР шыққан миссионерлер дайындаған, бұрынға кеңес Одағы аумағында кең таралған насыбай түрі. Мұндай насыбайды олар “Шығыстың барлық дәстүрлері сақталып жасалған таза өнім ретінде” сатқан.



□ Насыбайды ерте заманнан бері *Орта Азия халықтары қолданады: Өзбекістан, Тәжікістан, Қырғыстан, Түркменістан, Ауғаныстан, Қазақстан, Қытайдың батыс аумақтары.* Қазіргі кезде насыбай базарларда темекі, шекілдеуіктермен бірге еркін сатылады.

□ *2008 жылдан бастап Түркменістан президенті Гурбангулы Бердымухаметов насыбайды өндіру, тарату, қолдану және ел аумағына кіргізуге тыйым салу туралы бұйрық жариялады.*

□ *2011 жылдан бастап насыбай Қазақстан Республикасында қадағалауға алынатын наркотикалық заттар және психотропты өнімдер тізіміне кірді.*

□ *2013 жылдың 23 ақпанынан бастап Ресей Федерациясында N 15-ФЗ «Об охране здоровья граждан от воздействия окружающего табачного дыма и последствий потребления табака» федеральды заңы енгізіліп, насыбайды сатуға тыйым салынды.*



Сонымен қатар
насыбайды қолдану
жөнінде Белорусия
және Эстония
дәрігерлері жария
етті. Индия мен
Непалда “гутка”
атты өнім сатылады
(бетель және табак
қосындысы).



Piper betle



Дайын насыбайдың бір қаптамасы орташа есеппен алғанда *Қазақстанда 50 теңге (10 руб.), Ресейде 75-200 теңге (15-40 руб.), Өзбекстанда 28 теңге (500 сум немесе 5,5 руб.), Тәжікістанда 15-25 теңге (30—50 дирам немесе 3—5 руб.), Қырғыстанда 15-20 теңге (4—5 сом немесе 3—4 руб.)* тұрады.



Насыбайды қолдану тәсілі:

- Насыбайды жоғарғы немесе төменгі ерін, тіл астына салып, эффект пайда болғанша күтеді. Насыбайды қолданушылар ауызға салған кезде насыбайды ерінге тиіп кетпеуін қадағалайды, тиген жағдайда ерінде бөртпелер мен жаралар пайда болады. Сонымен қатар көп бөлінетін сілекейді жұтпауы қажет, жұтылған сілекей жүрек айнуды, құсуды, іш өтуді шақырады.
- Насыбайды қолданудағы тағы бір ерекшелік болып – көп жиын адам ішінде дәл қазір насыбайды қолданған немесе қолданып тұрған адамды бөліп алу қиын. Сонымен қатар насыбай теріасты немесе көктамырға инъекция жасауды, таблеткаларды жұтуды қажет етпейді.




Насыбайдың әсері:

- Ауыз қуысында шырышты қабықтың жергілікті қызуы, тітіркенуі (жжение);
- Бастағы ауырлық сезімі, кейін бүкіл денеде пайда болуы;
 - Апатия;
- Айқын, көп мөлшерде сілекей бөлушілік;
 - Бастың айналуы;
- Бұлшықеттердің босансуы.
- Эйфориялық эффект – 3-15 минуттан кейін пайда болып, 1 – 1,5 сағатқа дейін созылады.




Насыбайдың зардаптары:

- Насыбай никотинді тәуелділікті тудырады, яғни адам организмі үнемі насыбайды қажет етеді немесе ол шылым шегушіге айналады.
- Никотин ағзадағы барлық қантамырларды тарылтып, нәтижесінде ми, жүрек және басқа мүшелер оттегілік ашығуды сезе бастайды. Ұзақ уақыт бойы никотиннің әсері қантамыр қабырғасын жұқартып, *инсульт, миокард инфарктісін, бүйрек инфарктісін*, т.б. шақыруы мүмкін.




Ишемический инсульт



Тромб




Геморрагический инсульт



- Насыбай *пародонтоз, кариес*, т.б. тіс ауруларын шақырады. Насыбай *ауыз қуысы, ерін, асқазан, т.б. мүшелердің қатерлі ісігін* тудырады. Өзбек онкологтарының мәліметтері бойынша 80% ерін рагімен зардап шеккендер насыбайды қолданған.



□ Насыбай *гастрит, ойық жараларды, сонымен қатар насыбайдың құрамындағы заттарға байланысты гепатит, инфекциялық ауруларды, глистты инвазияларды, т.б. тудырады.*



□ Жиі насыбайға басқа да *психобелсенді заттарды қосады, сондықтан ол заттарға да тәуелділік пайда болуы мүмкін.*

□ Насыбайды қолданатын жасөспірімдерде оқу материалдарын дұрыс қабылдау бұзылады, есте сақтау төмендейді, өзіндік тұлғалық өзгерістер, психиканың бұзылыстары байқалуы мүмкін.

□ Насыбайды тұрақты қолданатын жасөспірімдер уақыт өте келе *ауыр есірткілік заттарға* әуестенуі мүмкін.



Наркотики, как азартная игра...

Человек надеется на крупный выигрыш, а проигрывает целое состояние...

Насыбайды қолданатын адамдарда **репродукциялық денсаулығының айқын бұзылыстары** анықталады (сперманың бөлінуі, белсенді емес сперматозоидтардың пайда болуы).
Нәтижесінде **бедеулік пайда болады және репродукциялық қызметті қайта қалпына келтіру мүмкін емес болып табылады.**




- Насыбайды қолданушылар – *сатушылардың қолындағы “ойыншықтар”* болып табылады.
- Насыбайды өндірушілер сатып алушыларды еліктіру үшін *жиі насыбайға эфедрин, эфедронды, т.б. қосып, ауыр тәуелділікті тудырады. Ал мұндай қосарланған тәуелділік емге қиын беріледі.*
- Насыбайдың құрамында *ауыр металдар қосындылары (кадмий, қорғасын) болуы мүмкін, ал ол өз кезегінде бауыр мен бүйректің токсикалық зақымдануын тудырады.*



Бұл туралы ойланыңызшы!

Насыбайды сатушылар: «Насыбай жеңілдік береді, ол сізді темекі тартуға әуестендірмейді» дейді, Бірақ сіз насыбайды қолданғаннан кейін қайтарып не аласыз: ауыздағы жаралар, үнемі түкіру, көптеген аурулар (гастрит, ойық жара, гепатит, ішек инфекциялары, ерін және асқазан рагі, бедеулік). **Осындай аурулар үшін 10-15 минуттық эйфорияның керегі бар ма?**



Бұл туралы ойланыңызшы!

Насыбайды қолданушылар – есірткілік бизнеспен айналысатындар қолындағы “ойыншықтар”. Олар жануарлардың табак өнімдерінің қалдықтары мен жануарлар экскременттерін араластырып, жастар арасында “жаңа есірткіге моданы” шығарады.

Насыбай құрамында құстар мен жануарлардың экскременттері бар. Оларды адам ауызына салу абзал ма?



НАСЫБАЙДЫ ҚОЛДАНУШЫЛАР ҚАНДАЙ ПІКІР АЙТАДЫ:

Қуат, 19-жаста насыбайды пайдаланушы:

-Мен насыбайды 5 жылдан бері пайдаланамын. Бірақ бұл жайында ата-анам, туған-туыстарым білмейді. 2 күнде 3 шақша насыбайдың түйір түрін қолданамын. Айына 3000-дай қаражат жұмсаймын, сапасына қарай бағасы да әр түрлі. Насыбайды тастау үшін әрекеттендім, үш күн пайдаланбай, бас тарттым. Басым айналып, жүрегім айнып, тамаққа тәбетім болмай, мазам қашқан болатын, ешқандай нәтиже болмаған соң, насыбайға тәуелді болғанымды ұққандаймын. Насыбайды тілдің астына салып қолданатындар 10-15 жылдың кейін тілдің астындағы тамырлары өлі тамырға айналады деп естігенмін. Сондықтан еріннің астына салып та пайдаланамыз. Негізінен насыбай ауыз қуысындағы тамырларды өлі тамырға айналдырып, асқазанды құртады, мидың дұрыс жұмыс жасауына кедергі болып, ұмытшақтық (склероз) ауруына әкеледі деп те естігенмін. Мұның барлығын біле тұрсам да насыбайға тәуелділігімнен бас тарта алмай келемін. Балалар мектеп жасында пайдалана бастайды, оларға әуес болмаңдар дегім келеді.


НАСЫБАЙДЫ ҚОЛДАНУШЫЛАР ҚАНДАЙ ПІКІР АЙТАДЫ:

Ерлан, 22-жаста насыбайды пайдаланушы:

-Мен насыбайды 16 жасымда, үлкен ағамның пайдаланғанын көріп, қызығушылықпен бастадым. Бастапқыда басым айналды, кейін маған рахат сыйлайтындай сезіндім. Менің әкем темекіні тастау үшін насыбай атуға ауысты, оған насыбай ұнамай, қайтадан темекіні пайдаланып кетті. Насыбайдан бас тартқым-ақ келеді, бірақ үйреніп кеттім. Мен насыбайды ашық базардан сатып алып, пайдаланамын.

Гүлзат, сатушы:

-Маған насыбай Шымкеттен тасымалданады, тез арада сатылып кетеді. Сіз насыбайды пайдалану зиян деп газетке жазғыңыз келе ме? Неге? Біздің қарттарымыз өмір бойы насыбай пайдаланып 90 жасқа дейін өмір сүрген ғой.



Қорытынды

Қазақ қоғамының үлкен дертіне айналған нашақорлық пен ішімдікпен күресу жұмыстары бірде бәсеңдеп, бірде қарқын алып, әйтеуір қал-қадерінше жүріп жатыр. Үкімет елімізде темекі бұйымдары мен алкоголь өнімдерін кәмелетке толмағандарға сатуға тыйым салды. Соңғы кезде жаспен кәрі бірдей құмар насыбай саудасы кызып тұр. Насыбай қаламыздағы орталық базарды былай қойып, үлкен сауда орталықтары мен дүкен-дүгіршіктерге емін-еркін еніп алды. Кез-келген үйдің бұры - бұрышында шемішке мен құрт, ұсақ- түйектер саудалап отырғандардың қасынан насыбайды да көзіміз жиі шалады. Арнайы қалташаларға салынып, ашық саудаланып жатқан насыбайдың қалай жасалып, қайдан келіп жатқандығын ойлап бас ауыртып жүргендер шамалы. Десе де, мектеп жасындағы балалардың насыбайға құмарлығы соңғы кезде қоғам мен көпшілікті ойлантып жүргені рас..



Қорытынды

Насыбай пайдалану темекі тарту, араққа салыну, нашақорлық тәрізді дерт болғандықтан, оған еті үйренгендер бір мезет насыбай атпаса, басы ауырып, жүрегі соғып, қан қысымын көтеріліп, мазасыз күйге түсетін көрінеді. Сондай сәтте насыбайды атып жіберсе, жаны жадырап, басының ауырғаны да сап тыйылады екен. Сондықтан да, насыбайдың керемет күші бар деп ой түйеді. Насыбайды мектеп оқушылары көп пайдаланады екен, оның адам ағзасына зияны туралы білім ордаларында жиындар өткізіп, нашақорлыққа күрескендей шара қажет-ақ. Түрменстанда насыбай сатуға тыйым салынған екен. Насыбайды тасыған және сатқан адамдарға айыппұл салынып, ол тағы қайталанса, бас бостандығынан айыруға дейін баратын көрінеді. Ал, Америкада насыбайға тыйым салу жөнінде де заң бар. Елімізде былтыр насыбай сатуға мүлдем тыйым салынуы мүмкін деп ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бастама көтерген болатын. Десе де, нақты шешім әлі қабылдана қойған жоқ. Ал, жастарымыздың насыбайға тәуелді болып бара жатқаны көңіл қынжылтады. Халқымыз «Денсаулыққа зор кесел, үйрете көрме аузыңды, насыбай мен шылымға» дейді.



Қолданылған әдебиеттер:

- <http://www.vestnik.kz/?p=8697>
- http://ne-kurim.ru/articles/nasvay/nasvajj_nasybajj/
- <http://keremet.kazjur.kz/2012/04/06/насыбай-бар-ма-бір-атым/>
- <http://www.openeyes.ru/nasvai.html>
- <http://shkolazhizni.ru/archive/0/n-4797/>
- <http://russlav.ru/tabak/nasvay.html>
- <http://lurkmore.to/>



*Назарларыңызға
рахмет!*

